

АНДАТПА

8D04201 – Халықаралық құқық білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертация

Аронов Аңсаған Құспанұлы

Тақырыбы: «Сандық дәуірде авторлық құқықты қорғау механизмдері: халықаралық тәжірибелерді салыстыру»

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Диссертация цифрлық дәуірдегі авторлық құқықтарды қорғау тетіктерін зерттеуге арналған және онлайн-ортадағы сын-қатерлерге құқықтық шеңберді бейімдеуге ерекше назар аударылады. Жұмыста Берн конвенциясы, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының Интернет жөніндегі шарттары, ТРИПС келісімі, сондай-ақ ЕО мен АҚШ-тың көзқарастары қарастырылып, олар қазіргі қазақстандық авторлық құқықтың жағдайымен салыстырылады. Зерттеуде авторлық құқықтың дуалистік табиғаты айқындалып, дәстүрлі авторлық құқық пен цифрлық авторлық құқықтың параллельді жүйелер ретінде ерекшеленетіні көрсетіледі. Сонлай-ақ, жұмыс интернет-делдалдардың жауапкершілігіне, техникалық қорғау құралдарына (TPM/DRM), блокчейн шешімдеріне және жасанды интеллект немесе компьютер жасаған туындыларды тануға бөлінген. Диссертация халықаралық үздік тәжірибелерді талдап қана қоймай, сонымен бірге қазақстандық авторлық құқықты жаңғыртуға бағытталған жаңа анықтамалар мен заңнамалық түзетулерді қамтитын түпнұсқа ұсыныстар әзірлейді. Жалпы алғанда, зерттеу теориялық тұжырымдарды практикалық реформалармен ұштастыруға және цифрлық дәуірде авторлық құқықтарды қорғауды күшейтуге ұмтылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Интернеттің қарқынды дамуы кейбір пайдаланушылардың авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларды заңсыз көбейтіп, коммерциялық мақсатта таратуына, сондай-ақ мұндай шығармалармен алмасуын жалғастыруына әкелетін тәжірибенің қалыптасуына себеп болды. Мұндай заңсыз әрекет авторлық құқықты бұзу немесе сандық қарақшылық деп аталады және ол құқық иеленушілер мен ғалымдар арасында қызу пікірталастардың тақырыбы болып табылады.

Шығармашылық контенттің цифрландырылуы авторлық құқық үшін бұрын-соңды болмаған қиындықтар туғызады, өйткені ол авторлық құқық нормаларында тікелей көзделмеген шығармаларды жеке пайдалану нысандарының пайда болуына мүмкіндік береді, сонымен қатар құқық иеленушілерге шығармаларға қол жеткізуді және оларды пайдалануды бақылау мүмкіндігін кеңейтеді. Сонымен қатар, цифрлық технологиялар шығармалардың мінсіз әрі арзан көшірмелерін жасап, оларды іс жүзінде бірден таратуға мүмкіндік береді.¹

Интернеттегі авторлық құқықтың бұзылуы авторлық құқық жүйесіне елеулі әсер етіп, оны кейбір пайдаланушылар құқық иеленушілерге тиесілі шығармашылық нәтижелерді заңсыз иемденетін құралға айналдырды. Айта кету керек, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы жасалатын авторлық құқық бұзушылықтары бүкіл әлемде ауыр құқық бұзушылық ретінде қарастырылады. Бұл қоғамның шығармашылық әлеуетін төмендетіп, құқық иеленушілерді заңды табысынан айырады және шығармашылық индустрияларға инвестиция салатын барлық қатысушыларға қаржылық шығын келтіреді.

Қазақстанда зияткерлік меншік құқықтарын қорғауға байланысты даулар саны айтарлықтай артты. Тәжірибеде Қазақстан Республикасының соттары көбінесе тауар белгілерін және авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларды заңсыз пайдалану туралы

¹ Chandrika Mehta, 'Digitalization of Copyright: Remedies on Infringement' (2023) 6(2) International Journal of Law Management & Humanities 1043.

істерді қарайды.² Мысалы, 2022 жылдың алғашқы алты айында бірінші сатыдағы соттар авторлық құқықты қорғауға байланысты 164 талап арызды қараса, апелляциялық соттар осы санаттағы 33 істі қараған. Сол кезеңде Ішкі істер министрлігі авторлық құқықты бұзу фактілері бойынша жеті қылмыстық істің қозғалғаны туралы хабарлады.³

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы негізгі басымдықтарды айқындайды, олардың қатарында Интернеттегі зияткерлік меншік құқықтарын қорғау саласындағы құқықтық қатынастарға қатысушылардың құрамын анықтау мәселелері, сондай-ақ жасанды интеллектті пайдалану арқылы жасалған зияткерлік меншік объектілеріне меншік құқығын реттеу мәселелері бар.⁴

2022 жылғы 20 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті «Зияткерлік меншік саласындағы заңнаманы жетілдіру және мемлекет кепілдік берген заң көмегі мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.⁵ Аталған заң зияткерлік меншік құқықтарын қорғауды күшейтуге, ұлттық заңнаманы халықаралық шарттармен үйлестіруге және мемлекет ұсынатын құқықтық көмектің көлемін кеңейтуге бағытталған.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауымен де негізделеді, онда Қазақстанды цифрлық мемлекетке айналдыру стратегиялық міндеті қойылған. Сонымен қатар, 2026 жылғы 9 қаңтарда Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің қабылдануы да маңызды рөл атқарады, ол елдегі цифрлық саланы құқықтық реттеудің ашық және тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған.⁶

Сонымен қатар, Қазақстанда жақында «Жасанды интеллект туралы» заң қабылданды, оның бір бабы жасанды интеллект технологияларын пайдалану саласындағы авторлық құқық мәселелеріне арналған.⁷

Біздің ойымызша, Қазақстан Республикасының авторлық құқық туралы заңнамасын цифрлық орта жағдайларына бейімдеу қазіргі уақытта ерекше өзектілікке ие. Бұл үдеріс тек экономикалық талаптармен ғана емес, ең алдымен цифрлық технологиялардың дамуымен және жаңа телекоммуникациялық құралдардың кеңінен таралуымен байланысты. Қазіргі кезде зияткерлік меншік тек экономикалық өсудің факторы ғана емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементі болып табылады.

Цифрлық технологиялар мен Интернет қазіргі қоғамның ажырамас бөлігіне айналғанын атап өткен жөн. Осыған байланысты осы салада авторлық құқықты тиімді қорғауды қамтамасыз ету ерекше маңызға ие. Кез келген үш өлшемді шығарма цифрлық нысанда қайта шығарылып, сақталып және электрондық форматта таратылуы мүмкін. Бұл көшіру үдерісін едәуір жеңілдетіп, жеделдетеді, көшірмелердің сапасын арттырады және шығармаларды бейімдеуді жеңілдетеді. Сонымен қатар, бұл цифрлық контентті рұқсатсыз пайдалану және жаппай заңсыз тарату мәселелерімен байланысты елеулі мәселелерді туындатады.

² 'The concept of intellectual property development in the Republic of Kazakhstan for the period 2021-2025' <<https://www.gov.kz/memleket/entities/adilet/documents/details/166427?lang=ru&ysclid=ldcw09slv5516323991>> accessed 29 July 2025.

³ 'Copyright Infringement' (ARBIS) <https://arbis.kz/en/all-articles/copyright/copyright-infringement/?utm_source=chatgpt.com> accessed 08 February 2026.

⁴ President of the Republic of Kazakhstan, 'On approval of the Concept of Legal Policy of the Republic of Kazakhstan until 2030' Decree No. 674 <<https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2100000674>> accessed 29 July 2025.

⁵ Law of the Republic of Kazakhstan, on amendments and additions to certain legislative acts of the Republic of Kazakhstan on the issues of improving legislation in the field of IP and provision of state-guaranteed legal assistance No. 128-VII (20 June 2022) <<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2200000128>> accessed 08 February 2025.

⁶ Digital Code of the Republic of Kazakhstan, № 255-VIII (09 January 2026) <<https://adilet.zan.kz/rus/docs/K2600000255>> accessed 08 February 2026.

⁷ Law of the Republic of Kazakhstan, on Artificial intelligence № 230-VIII (17 November 2025) <<https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2500000230>> accessed 08 February 2026.

Цифрлық технологиялардың және жаһандық әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы Интернет желісінде авторлық құқықты қорғаудың жаңа механизмдерін қалыптастыруды талап етеді. Салыстырмалы-құқықтық зерттеулер цифрлық ортадағы авторлық құқықтың құқықтық реттеудің арнайы тәсілдерін қажет ететін бірқатар ерекше белгілерге ие екенін көрсетеді.

Құқықтық ғылым үшін, әсіресе зияткерлік меншік құқығы саласы үшін, Интернеттегі авторлық құқықты қорғаудың болашақтағы даму перспективаларын бағалау, сондай-ақ құқық иеленушілердің, интернет-делдалдардың және пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға қабілетті жаңа құралдар мен механизмдерді анықтау маңызды міндет болып табылады. Бұл ретте олардың арасындағы әділ тепе-теңдікті сақтау қажет.

Жоғарыда аталған барлық жағдайлар осы диссертациялық зерттеудің өзектілігін дәлелдейді және киберкеңістікте авторлық құқықты қорғаудың тиімді механизмдерін әзірлеудің қажеттілігін айқындайды.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Диссертациялық зерттеудің пәні авторлардың цифрлық ортадағы айрықша құқықтарын, атап айтқанда олардың жеке мүліктік емес құқықтарын зерттеу болып табылады. Осыған байланысты диссертацияның негізгі мақсаты – жаһандық Интернет желісінің цифрлық ортасында авторлардың жеке мүліктік емес құқықтарын қорғауды жан-жақты зерттеу және Ұлыбританияның, Америка Құрама Штаттарының және Еуропалық Одақтың озық тәжірибелерін салыстырмалы талдау негізінде Қазақстандағы авторлық құқықты қорғау жүйесін жетілдіруге бағытталған тиімді құқықтық механизмдер мен тәсілдерді әзірлеу.

Диссертацияның негізгі зерттеу сұрағы мынадай түрде тұжырымдалған: жаһандық және іс жүзінде шексіз Интернет пен цифрлық технологиялар дәуірінде авторлық құқықтарды тиімді қорғауды қаншалықты қамтамасыз етуге болады?

Осы зерттеу сұрағына жауап беру үшін келесі зерттеу міндеттері айқындалды:

- цифрлық ортада авторлық құқықты қорғаудың аясын және негіздерін анықтау;
- жедел технологиялық прогресс нәтижесінде туындайтын авторлық құқықты қорғаудың қиындықтары мен мәселелерін анықтау;
- цифрлық шығармалардың құқықтық ерекшеліктерін айқындау және олардың баламалы нысандардан ажырату;
- цифрлық ортадағы негізгі сын-қатерлердің бірі ретінде жасанды интеллекттің көмегімен жасалған шығармаларды қорғаудың құқықтық мәселелерін талдау;
- АҚШ, Ұлыбритания және Еуропалық Одақтың құқықтық тәсілдерін ескере отырып, Интернет желілері арқылы үшінші тұлғалар жасаған авторлық құқық бұзушылықтары үшін интернет-қызмет жеткізушілердің жауапкершілігін бағалау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жөнінде, атап айтқанда интернет-қызмет жеткізушілердің жауапкершілігін реттеу мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының объектісі — цифрлық дәуірде авторлық құқықтарды қорғау саласында пайда болатын қоғамдық қатынастар.

Зерттеу жұмысының пәні — цифрлық ортадағы авторлық құқықтарды қорғау мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері, нормативтік құқықтық актілер және жекелеген мемлекеттердің сот тәжірибесі.

Зерттеу әдістері. Осы зерттеудің мақсаттарына қол жеткізу үшін құқықтық зерттеудің доктриналық (догматикалық) әдісі қолданылды, ол салыстырмалы-құқықтық, тарихи талдау және сот практикасын зерттеу әдістерімен толықтырылды. Цифрлық дәуірде авторлық құқықты қорғаудың тиімді механизмдерін түсіну бірқатар күрделі құқықтық мәселелер мен теорияларды қарастыруды талап етеді. Олардың қатарына авторлық құқықты халықаралық реттеу, P2P технологиялары, үшінші тұлғалардың контенті үшін интернет-делдалдардың жауапкершілігі, сондай-ақ технологиялық қорғау шараларын айналып өтуге қарсы бағытталған құқықтық нормалар жатады.

Біздің пікірімізше, бұл тәсіл зерттеу авторлық құқықты ақпараттық дәуірде қорғауды реттейтін құқықтық нормалар мен қағидаттарды талдау және жүйелеуге бағытталған жағдайда ең өзекті болып табылады. Заңнаманы, сот практикасын, халықаралық шарттарды және ғылыми жарияланымдарды талдау арқылы құқықтағы олқылықтарды, айырмашылықтарды және құқықтық реформаның ықтимал бағыттарын анықтауға болады. Доктриналық зерттеу ең алдымен қолданыстағы құқықтың мазмұнын анықтауға бағытталады, ал оның практикалық қолданылуын зерттеу екінші кезекте қарастырылады.

Доктриналық әдіс эмпирикалық немесе әлеуметтік-құқықтық тәсілдермен салыстырғанда бірқатар артықшылықтарға ие. Біріншіден, бұл зерттеудің мақсаттары сипаттамалық немесе мінез-құлықтық емес, аналитикалық және нормативтік сипатқа ие. Негізгі зерттеу сұрақтары авторлық құқықты реттейтін қолданыстағы құқықтық жүйенің жаңғыртылуы мен үйлесімділігіне қатысты, ал құқықтық нормалардың әлеуметтік немесе экономикалық салдарын зерттеу бұл жұмыстың негізгі мақсаты болып табылмайды. Сонымен қатар, эмпирикалық және әлеуметтік-құқықтық әдістер, әдетте, сұхбат, сауалнама немесе кейс-зерттеулер арқылы деректер жинауға негізделгендіктен, әртүрлі юрисдикциялардағы құқықтық нормалардың ішкі құрылымын, иерархиясын және түсіндірмесін талдау үшін онша қолайлы емес.

Доктриналық тәсіл құрылымдалған аналитикалық модель арқылы қойылған зерттеу сұрағына жауап беруге мүмкіндік береді. Бұл модель Қазақстан Республикасының қолданыстағы авторлық құқық нормаларының цифрлық дәуірдің сын-қатерлеріне қаншалықты тиімді жауап беретінін бағалауға бағытталған. Сонымен қатар, бастапқы және қосымша дереккөздерді сыни тұрғыдан талдау арқылы бұл әдіс авторға негізделген құқықтық ұсыныстар мен теориялық қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Зерттеу кең ауқымды дереккөздерге сүйенеді. Олардың қатарына халықаралық және ұлттық заңнама, нормативтік құқықтық актілер, ғылыми еңбектер, халықаралық конвенциялар мен келісімдер, жалпы құқықтық қағидаттар және сот практикасы жатады. Бұл дереккөздер жиынтығы цифрлық ортада авторлық құқықты қорғауды реттейтін кешенді құқықтық модельді әзірлеуге негіз болады.

АҚШ, Ұлыбритания және Еуропалық Одақтың заңнамасына, сот практикасына және құқықтық тәсілдеріне салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізіліп, авторлық құқықты қорғаудың неғұрлым тиімді механизмдері анықталды. Сонымен қатар, осы юрисдикциялардағы жекелеген құқықтық шешімдер Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінде қолдану мүмкіндігі тұрғысынан қарастырылды.

Сот практикасын талдау бұл зерттеуде орталық орын алады. Интернеттің даму жағдайында авторлық құқықты қорғау жөніндегі сот шешімдері зерттеліп, соттардың тиісті құқықтық нормаларды қалай түсіндіріп, қолданатыны бағаланды, сондай-ақ соттық дәлелдеме мен құқықтық уәждемедегі үрдістер анықталды.

Соңында, Интернет пен цифрлық технологиялардың авторлық құқық бұзушылықтарының дамуына әсерін Web 1.0 кезеңінен бастап қалыптасып келе жатқан Web 3.0 ортасына дейін қадағалау мақсатында тарихи талдау жүргізілді. Атап айтқанда, Napster кезеңінен бастап The Pirate Bay ісіне дейінгі негізгі сот істері мен тәжірибелер қарастырылды, өйткені бұл оқиғалар цифрлық дәуірдегі авторлық құқықты қорғау жүйесінің эволюциясына елеулі ықпал етті.

Зерттеу жұмысының теориялық негізі. Диссертациялық зерттеудің теориялық негізін шетелдік және қазақстандық ғалымдардың еңбектері құрайды.

Осы диссертациялық зерттеудің ғылыми-теориялық базасының негізгі бөлігін авторлық құқық саласындағы шетелдік ғалымдардың еңбектері құрады. Олардың қатарына: D. Bainbridge, L. Bently, A. Johns, B. Klein, A. Kur, J. Litman, G. Moss, A. Murray, P. Samuelson, B. Sherman, S. Stokes және P. Torremans жатады.

Зерттеу барысында кеңестік және ресейлік ғалымдардың ғылыми еңбектері де пайдаланылды. Олардың қатарында: Б. Антимонов, М. Богуславский, С. Болдырев, Б. Дозорцева, А. Гарибян, А. Гаврилова, М. Гордон, Б. Корецкий, В. Серебровский, А. Сергеев, О. Иоффе, В. Ионас, А. Зенин және басқа да ғалымдар бар. Атап айтқанда, С. Болдырев өзінің зерттеулерінде жақында Ресей Федерациясындағы цифрлық ортада авторлық құқықты қорғау мәселелеріне талдау жүргізген.

Қазақстандағы зияткерлік меншік саласындағы ұлттық доктринаның дамуына белгілі қазақстандық ғалымдар елеулі үлес қосты. Олардың қатарында: А. Амангелді, Е. Бабыкова, З. Баймолдина, Ю. Басин, К. Бейсембин, Д. Братусь, А. Диденко, С. Идрышева, Т. Каудыров, С. Масалина, К. Намегенов, А. Омарова, М. Сүлейменов, Б. Жандарбек, К. Жиренчин, В. Зинченко және басқа да ғалымдар бар.

Жалпы алғанда, Қазақстанда цифрлық дәуірдегі авторлық құқық мәселелеріне арналған ғылыми жұмыстар мен монографиялық зерттеулердің жеткіліксіз екенін атап өткен жөн. Дегенмен, жекелеген ғалымдар авторлық құқықтың әртүрлі аспектілеріне арналған докторлық зерттеулер жүргізген. Олардың қатарына мыналар жатады: Н. Абдреева «Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша авторлық құқық объектілері»; Р. Абуова «Қазақстан Республикасының азаматтық құқығындағы авторлық шарт»; К. Бейсембин «Шығармаларға авторлардың құқықтары: Қазақстан Республикасындағы теория және заңнама мәселелері»; В. Зинченко «Қазақстан Республикасында компьютерлік бағдарламалар мен дерекқорлар зияткерлік меншік объектілері ретінде»; У. Ихсанов «Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша авторлық құқық субъективтік азаматтық құқық ретінде»; Л. Мамиконян «Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша аудиовизуалдық шығармалар авторлық құқық объектісі ретінде»; С. Масалина «Ақпараттық технологиялардың дамуы жағдайындағы авторлық құқық институты»; А. Амангелді «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан Республикасының зияткерлік меншік құқығы».

Осы диссертация тақырыбына ұқсас зерттеу С. Масалина тарапынан жүргізілген, ол да интернет-делдалдардың жауапкершілігі мәселесін қарастырған. Алайда, аталған жұмыста практикалық ұсыныстар жеткіліксіз болғанын атап өткен жөн, өйткені автор делдалдардың жауапкершілігін реттейтін нақты құқықтық нормаларды ұсынбаған. Сонымен қатар, бұл зерттеу шамамен жиырма жыл бұрын жүргізілгендіктен, ол негізінен файлмен алмасу технологияларының бастапқы даму кезеңіне бағытталған.

Зияткерлік меншік құқығына арналған көптеген еңбектердің болуына қарамастан, қазіргі уақытта Қазақстанда цифрлық технологиялар контекстіндегі авторлық құқық мәселелерін қарастыратын зерттеулер саны салыстырмалы түрде аз. Осыған байланысты цифрлық орта жағдайында зияткерлік меншік құқығын құқықтық реттеу мәселелерін кешенді әрі жан-жақты зерттеудің объективті қажеттілігі туындайды.

Ғылыми жаңалығы. Бұл диссертация Қазақстан Республикасында Интернеттің цифрлық ортасында авторлық құқықтарды қорғау мәселесіне арналған алғашқы кешенді әрі сыни зерттеулердің бірі болып табылады және салыстырмалы-құқықтық әрі реформалық тәсілдерді қолдану негізінде орындалған.

Осы зерттеудің ерекшеліктерінің бірі – Интернет, жасанды интеллект, блокчейн, технологиялық қорғау шаралары (ТРМ), сондай-ақ шығармаларды жаппай цифрландыру сияқты заманауи технологиялардың даму жағдайында авторлық құқық механизмдерінің трансформациясын талдау болып табылады. Бұған дейін Қазақстанда жүргізілген зерттеулер негізінен авторлық құқықты қорғаудың дәстүрлі аспектілеріне бағытталған болатын.

Қазіргі уақытта қазақстандық азаматтық-құқықтық ғылымда осы мәселеге арналған іргелі зерттеулердің болмауы аталған жұмыстың ғылыми құндылығын едәуір арттырады.

Диссертация авторлық құқық туралы заңнаманы дамытуға белгілі бір үлес қосады, өйткені онда авторлық құқық дуализмі тұжырымдамасы негізделеді. Бұл тұжырымдама дәстүрлі авторлық құқық пен оның цифрлық ортадағы ерекше жүйесінің қатар өмір сүруін

көздейді. Цифрлық кеңістіктегі авторлық құқық өзінің ерекше белгілерімен, құқықтық реттеу әдістерімен, қағидаттарымен және объектілерімен сипатталады, бұл оны авторлық құқықтың классикалық моделінен ерекшелендіреді.

Сонымен қатар, диссертацияда интернет-делдалдардың, соның ішінде интернет-қызмет көрсетушілердің (ISP), интернет желілері арқылы үшінші тұлғалар жасаған авторлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілігі мәселесіне жан-жақты талдау жүргізілген. Бұл талдау авторлық құқықты қорғаудың халықаралық озық тәжірибелеріне салыстырмалы-құқықтық тұрғыдан негізделген.

Диссертацияда цифрлық ортадағы авторлық құқық бұзушылықтарының негізгі тәсілдері мен түрлері анықталған. Олардың қатарына қарақшылық, плагиат, шығармаларды коммерциялық мақсатта заңсыз көшіру, авторлар мен құқық иеленушілердің келісімінсіз шығармалардың көшірмелерін тарату, сондай-ақ шығармаларды тиісті рұқсатсыз өңдеу жатады.

Сонымен қатар, диссертацияда «цифрлық ортадағы авторлық құқық», «цифрлық орта» және «сервис провайдері» сияқты ұғымдарға авторлық анықтамалар ұсынылған. Айта кету керек, осы саладағы теориялық және құқықтық зерттеулердің басым бөлігі цифрлық технологиялар жоғары деңгейде дамыған және қоғамның күнделікті өміріне кеңінен енгізілген юрисдикцияларда жүргізілген. Олардың қатарына, ең алдымен, Еуропалық Одақ, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания және басқа да технологиялық тұрғыдан дамыған мемлекеттер жатады.

Қорғауға шығарылатын тұжырымдар.

1) Цифрлық ортада авторлық құқықты тиімді қорғауды қамтамасыз ету үшін соңғы жылдары қалыптасқан құқықтық қатынастарды объективті түрде бейнелейтін жаңа құқықтық құбылыстардың доктриналық немесе құқықтық анықтамаларын әзірлеу қажет. Осыған байланысты бір жылдан астам уақыт бұрын біз осы диссертацияның негізгі ұғымдарының бірі – «цифрлық орта» ұғымына келесі авторлық анықтаманы ұсынған болатынбыз:

– «Цифрлық орта» – цифрлық объектілерді жасау, айналымға енгізу, сақтау, беру және пайдалану үшін қажетті инфрақұрылымның, технологиялардың және процестердің жиынтығы, сондай-ақ олардың орналасқан жеріне немесе құқықтардың тіркелген аумағына қарамастан, сол объектілерге қатысты құқықтарды жүзеге асыру және беру жүйесі.

Алайда 2026 жылғы 9 қаңтарда Қазақстанда Цифрлық кодекс қабылданды, оның 1-бабында цифрлық орта инфрақұрылымның, технологиялардың, процестер мен жағдайлардың жиынтығы ретінде анықталады. Бұл жиынтық цифрлық деректер мен цифрлық объектілерді жасау, айналымға енгізу, сақтау, беру және пайдалану үшін, сондай-ақ олардың орналасқан аумағына немесе құқықтардың тіркелген жеріне қарамастан, оларға қатысты құқықтарды жүзеге асыру және беру үшін қолданылады және Кодекспен реттелетін қоғамдық қатынастарға қатысты қолданылады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексінің 1-бабындағы анықтаманың кемшілігі – онда бір мезгілде «цифрлық деректер» және «цифрлық объектілер» ұғымдары қолданылған. Шын мәнінде, цифрлық деректер, соның ішінде Big Data, дербес деректер және басқа да деректер түрлері, цифрлық объектілердің бір түрі болып табылады және сондықтан анықтамада жеке категория ретінде бөлінбеуі тиіс. Осы себепті автор ұсынған анықтама неғұрлым дәл болып көрінеді.

Осы зерттеу пәнін құрайтын келесі маңызды ұғымдардың бірі:

– «Цифрлық ортадағы авторлық құқық» – авторлар немесе құқық иеленушілер, интернет-делдалдар және пайдаланушылар арасында ақпараттық-коммуникациялық салада туындайтын қатынастарды реттейтін кешенді құқықтық жүйені қамтитын ерекше құқықтық қатынастар категориясы.

Автор әзірлеген осы анықтамаларды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне жаңа 980-1-бапты енгізу арқылы енгізу ұсынылады (1-қосымшаны қараңыз).

2) Жаңа технологиялардың қарқынды дамуы авторлық құқық үшін қосымша сын-қатерлер туғызды, әсіресе P2P технологиялары, BitTorrent сервистері және жасанды интеллект саласында орын алды. Мұндай технологияларды қолдану сервис провайдерлер (service providers) сияқты маңызды субъектілер арқылы жүзеге асырылады. Алайда олардың авторлық құқық туралы заңнамадағы рөлі әлі нақты айқындалмаған және олардың құқықтары мен міндеттері заңнамалық түрде бекітілмеген.

Бұл технологиялардың көпшілігі соңғы пайдаланушылар тарапынан цифрлық ортада авторлық құқықты бұзу үшін қолданылады, бұл авторлық құқық туралы заңнаманың цифрлық орта талаптарына жеткілікті бейімделмегенін көрсетеді.

Осыған байланысты қолжетімділік провайдерлері мен хостинг-провайдерлерді қоса алғанда, қызмет көрсетушілер авторлық құқықты қорғауда неғұрлым белсенді және ынтымақтас рөл атқаруы тиіс, сонымен қатар пайдаланушылардың құқықтары мен инновациялардың дамуы арасындағы теңгерімді сақтауы қажет.

Автор «қызмет көрсетуші» ұғымының анықтамасын «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабына енгізуді ұсынады (1-қосымшаны қараңыз).

3) Соңғы екі онжылдықта пайда болған цифрланған шығармалар шығармашылық нәтижелердің жаңа көрініс нысанын білдіреді. Олар электрондық немесе кодтық нысанда болады және ақпараттық-коммуникациялық желілерде жұмыс істейді.

Авторлар мен олардың мұрагерлерінің келісімінсіз және хабардар етпей шығармаларды жаппай цифрландыру жағдайында авторлар мен олардың мұрагерлері авторлық құқық бұзылуының ықтимал тәуекелдерін тек жақында ғана түсіне бастады. Сонымен қатар, цифрландыру жобаларына қатысатын ұйымдар көбінесе шығармаларды цифрлау және тарату айрықша құқықтарды бұзуы мүмкін екенін толық түсінбейді.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 972-бабының 1-тармағын («Авторлық құқық объектілерінің түрлері») жаңа 13-тармақшамен толықтыру, яғни «цифрланған шығармалардың барлық түрлерін» авторлық құқық объектісі ретінде бекіту ұсынылады.

Бұл түзету авторлардың келісімінсіз және хабардар етпей цифрланған шығармалардың авторларына және олардың мұрагерлеріне заңда белгіленген мерзім ішінде авторлық құқық бұзылған жағдайда Азаматтық кодекс пен авторлық құқық туралы заңда көзделген механизмдер арқылы зияткерлік құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

4) Жасанды интеллект көмегімен жасалған шығармаларды қорғау мәселесіне жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау негізінде диссертацияда келесі тұжырым негізделеді.

Біріншіден, жасанды интеллект жүйелерінің көмегімен жасалған шығармаларға авторлық-құқықтық қорғау қолданылуы тиіс, бірақ бұл үшін адамның елеулі шығармашылық үлесі болуы қажет.

Мұндай тәсіл жасанды интеллект көмегімен жасалған шығармаларды адам қатысуынсыз толық автономды түрде жасалған шығармалардан ажыратуға мүмкіндік береді.

Сондықтан адам авторлығының дәстүрлі тұжырымдамасы жасанды интеллект қолданылған жағдайда авторлықты анықтаудың ең негізделген құқықтық моделі болып қала береді.

Жасанды интеллект жүйесі тек технологиялық құрал болғандықтан, шығармашылық нәтижеге елеулі үлес қосқан пайдаланушы автор ретінде танылуы тиіс. Ал жасанды интеллект жүйесінің әзірлеушісі немесе иесі автор немесе құқық иеленуші ретінде танылмауы тиіс, өйткені ол шығарманың түпкілікті шығармашылық мазмұнын анықтамайды.

Осыған сәйкес, жасанды интеллект жүйелерін пайдаланушылар мұндай технологияларды заңды түрде қолдану үшін негізгі жауапкершілікті көтереді және жасанды интеллект арқылы жасалған нәтижелерді тарату барысында авторлық құқық бұзылған жағдайда жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 972-бабының 1-тармағын жаңа 14-тармақшамен толықтыру ұсынылады (1-қосымшаны қараңыз).

5) Интернет-делдалдар авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларды онлайн таратуда маңызды рөл атқарады және құқық иеленушілер мен қоғам арасындағы негізгі байланыстырушы буын болып табылады. Олардың маңызы цифрлық ортадағы авторлық құқықтың негізгі мәселелерінің бірі ретінде қарастырылады, өйткені қызмет көрсетушілердің қызметі Интернетте авторлық құқық бұзушылықтарының өсуіне де әсер етті.

Осыған байланысты қызмет көрсетушілердің қатысуымен жасалған құқық бұзушылықтар жағдайында авторлық құқықты қорғауды күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 5-тарауын «Сервис провайдердің жауапкершілігі» атты жаңа 970-1-баппен толықтыру ұсынылады (1-қосымшаны қараңыз).

б) Notice-and-takedown рәсімі Интернеттегі авторлық құқық бұзушылықтарымен күрестің негізгі құралдарының біріне айналды. Оның басты артықшылықтарының бірі – құқық иеленушілерге цифрлық ортада авторлық құқықты қорғаудың жылдам әрі салыстырмалы түрде арзан механизмін қамтамасыз етуі, ал сот тыйымын алу әлдеқайда көп уақыт алып, экономикалық тұрғыдан тиімсіз болуы мүмкін.

Бұл рәсім шеңберінде қызмет көрсетушілер авторлардан немесе басқа құқық иеленушілерден хабарлама алғаннан кейін болжамды құқық бұзушы материалды алып тастауға міндетті.

Notice-and-takedown рәсімінің тиімділігі құқықтық айқындық болған жағдайда, яғни оның негізгі элементтері заңнамада нақты бекітілген кезде қамтамасыз етіледі.

Осыған байланысты автор қызмет көрсетушілерді құқық иеленушілердің хабарламаларына жедел әрекет етуге міндеттейтін ережелер жобасын әзірледі. Бұл жоба Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің бұйрығының жобасы түрінде ұсынылған және 2-қосымшада келтірілген.

Диссертацияның практикалық маңызы. Осы зерттеудің қорытындылары мен негізгі ережелері авторлық құқық туралы заңнаманы жетілдіру мақсатындағы нормативтік-құқықтық қызметте, құқық қолдану практикасында, авторлық құқықпен қорғалатын шығармаларды жасау және пайдалану мәселелеріне байланысты шарттарды әзірлеу барысында, сондай-ақ интернет-провайдерлердің қызмет көрсетуі кезінде қолданылуы мүмкін.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері азаматтық құқық және зияткерлік меншік құқығы пәндерін оқыту барысында оқу процесінде пайдалануға болады.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.

Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары келесі ғылыми мақалаларда көрініс тапты:

1.«Copyright protection in the Internet age: Whether copyright can combat against Peer-to-peer technology» // Құқық және мемлекет. 2021. № 1 (90);

2. «Digital piracy: Responsibility issues of Internet service providers» // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Құқық сериясы. 2020. № 4 (133);

3. «Жасанды интеллект көмегімен жасалған туындыларға авторлық құқықты қорғау» // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Хабаршысы. 2024. № 2 (77);

4. «Protecting copyright in the Internet age: The Kazakhstani perspective» // Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. Құқық сериясы. 2024. № 4 (149);

5. «Copyright infringement in the digital age: The case for reform to Kazakhstan's copyright laws» // Access to Justice in Eastern Europe. 2024. Т. 7 (4);

6. «Copyright Protection on Works Generated by Artificial Intelligence» // Ғылым және инновациялар. 2025. Т. 21 (1);

7. «Information Intermediaries in the Digital Environment: Copyright Problems and Trends of Legal Regulation» // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы. Құқықтанудың өзекті мәселелері сериясы. 2025. № 1 (113).

Диссертацияның құрылымы.

Зерттеу құрылымы кіріспеден, төрт тараудан, он сегіз параграфтан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және екі қосымшадан тұрады; жалпы көлемі 173 беттен тұрады.

Бірінші тарау цифрлық дәуірдегі авторлық құқықты қорғаудың теориялық, тарихи және құқықтық негіздерін қарастыруға арналған. Онда авторлық құқық авторлар мен құқық иеленушілерге тиесілі субъективтік құқықтардың жиынтығы ретінде, сондай-ақ шығармаларды жасау мен пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың объективтік институты ретінде талданады.

Тарауда авторлық құқықты қорғаудың негізгі негіздемелері қарастырылады, олардың қатарына мәдени, экономикалық, тұлғалық және жария-құқықтық тәсілдер жатады. Сонымен қатар, авторлық құқықтың негізгі сипаттамалары, атап айтқанда аумақтылық, түпнұсқалылық және идеялар мен олардың көрініс нысаны арасындағы айырмашылық мәселелері талданады.

Бұдан бөлек, халықаралық авторлық құқықтың Анна статутынан және Берн конвенциясынан бастап ТРИПС келісімі мен ДЗМУ-ның Интернет-шарттарына дейінгі даму эволюциясы қарастырылады. Бұл авторлық құқық нормаларының технологиялық өзгерістерге біртіндеп бейімделуін көрсетеді.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялардың авторлық құқық жүйесіне әсеріне ерекше назар аударылады. Атап айтқанда, цифрлық шығармалардың, веб-сайттардың, бағдарламалық қамтамасыз етудің және цифрланған контенттің пайда болуы, сондай-ақ онлайн құқық бұзушылықтар, юрисдикция және құқық қолдану мәселелері талданады.

Екінші тарау авторлық құқықты қорғаудың негізгі цифрлық сын-қатерлерін қарастыруға арналған. Олардың қатарына онлайн құқық бұзушылықтар, файлмен алмасу технологиялары, интернет-қызмет көрсетушілердің рөлі және жасанды интеллектті пайдалану арқылы жасалған шығармалар жатады.

Бұл тарауда Интернет желісіндегі авторлық құқық бұзушылықтары цифрлық ортаның құрылымдық мәселесі ретінде талданады. Бұл мәселе Интернет арқылы қорғалатын шығармаларды көшірудің, стриминг арқылы таратуының және үлестірудің жоғары жылдамдығымен, кең ауқымымен және төмен құнымен байланысты.

Тарауда файлмен алмасу технологияларының эволюциясы Napster және Grokster жүйелерінен бастап BitTorrent пен The Pirate Bay платформаларына дейін қарастырылады. Бұл технологиялық өзгерістердің құқық қолдану практикасын қалай күрделендіргенін және екінші дәрежелі жауапкершіліктің аясын қалай кеңейткенін көрсетеді.

Сонымен қатар, интернет-делдалдар мен интернет-қызмет көрсетушілердің авторлық құқықпен қорғалатын контентті онлайн тарату процесіндегі негізгі қатысушылар ретіндегі рөлі зерттеледі. Бұл ретте авторлық құқықты қорғау, «қауіпсіз айлақ» (safe harbour) режимі және сөз бостандығы, жеке өмірге қол сұқпаушылық және ақпаратқа қол жеткізу құқығы сияқты негізгі құқықтар арасындағы қайшылықтарға ерекше назар аударылады.

Үшінші тарау цифрлық ортада авторлық құқықты қорғаудың халықаралық тәсілдерін талдауға арналған және онда Америка Құрама Штаттарының, Ұлыбританияның, Еуропалық Одақтың және Қазақстанның құқықтық модельдеріне ерекше назар аударылады.

Тарауда әртүрлі юрисдикциялар Интернеттегі авторлық құқық бұзушылықтарына қалай жауап беретіні, интернет-делдалдардың жауапкершілігін қалай реттейтіні және технологиялық даму жағдайында құқық қолдану механизмдерін қалай пайдаланатыны қарастырылады.

Ерекше назар АҚШ-тың Цифрлық дәуірдегі авторлық құқық туралы заңына (DMCA), «қауіпсіз айлақ» (safe harbour) режиміне, notice-and-takedown рәсіміне, сондай-ақ ықпал ету және жанама жауапкершілік (contributory және vicarious liability) доктриналарына аударылады.

Ұлыбританияның тәсілі 1988 жылғы Авторлық құқық, өнеркәсіптік үлгілер және патенттер туралы заң (CDPA 1988) және 2010 жылғы Цифрлық экономика туралы заң (DEA 2010) негізінде талданады. Бұл ретте веб-сайттарды сот тәртібімен бұғаттау шараларын және басқа да соттық қорғау құралдарын қолдануға ерекше назар аударылады.

Еуропалық Одақтың құқықтық жүйесі Ақпараттық қоғам туралы директива, Электрондық коммерция туралы директива және Бірыңғай цифрлық нарықтағы авторлық құқық туралы директива сияқты негізгі нормативтік актілер арқылы қарастырылады. Бұл актілер интернет-делдалдардың жауапкершілігін, технологиялық қорғау шараларын және онлайн-платформалардың міндеттерін реттейді.

Тарау Қазақстанның құқықтық жүйесін талдаумен аяқталады. Бұл талдау барысында заңнамадағы елеулі олқылықтар анықталады, олардың ішінде қызмет көрсетушілердің қызметін реттейтін нақты нормалардың болмауы, цифрлық шығармалардың құқықтық мәртебесінің жеткілікті айқындалмауы және notice-and-takedown рәсімдерін реттейтін құқықтық нормалардың болмауы атап өтіледі.

Төртінші тарау цифрлық ортада авторлық құқықты қорғау құралдарын талдауға арналған және онда DRM технологияларына, Creative Commons (CC) лицензиялау жүйесіне және блокчейн технологиясына ерекше назар аударылады.

Тарауда DRM авторлық құқықты қорғаудың технологиялық құралы ретінде қарастырылады. Бұл технология құқық иеленушілерге цифрлық шығармаларға қолжетімділікті және оларды пайдалануды шифрлау, цифрлық сутаңбалар және басқа да қорғау құралдары арқылы бақылауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге DRM жүйесінің белгілі бір шектеулері де атап өтіледі, олардың қатарына технологиялық қорғау шараларын айналып өту тәуекелдері және шығармаларды заңды пайдалану мен ақпаратқа қол жеткізуді шектеу ықтималдығы жатады.

Бұдан әрі тарауда Creative Commons лицензиялау жүйесі талданады. Ол авторларға авторлық құқықтарын сақтай отырып, белгілі бір құқықтарды үшінші тұлғаларға пайдалануға мүмкіндік беретін икемді лицензиялау моделі ретінде қарастырылады. Мұндай тәсіл шығармашылық туындылардың заңды түрде таралуына және қайта пайдаланылуына ықпал етеді.

Сонымен қатар, авторлық құқықты қорғау, лицензиялау және цифрлық шығармаларды пайдалануды бақылау саласында блокчейн технологиясының әлеуеті қарастырылады. Бұл технология орталықтандырылмаған тізілімдер мен смарт-келісімшарттар арқылы жүзеге асырылады.

Тарау қорытындысында цифрлық ортада авторлық құқықты тиімді қорғау құқықтық реттеу мен технологиялық шешімдердің теңгерімді үйлесімін талап ететіні туралы тұжырым жасалады.

Диссертацияның қорытынды бөлімінде құқық қолдану практикасы үшін өзекті әрі маңызды мәселелер қарастырылғаны, қойылған мақсаттар мен міндеттердің кешенді талдау арқылы орындалғаны атап өтіледі.